Меңгеруші жанындағы кеңес

ХАТТАМА

11.09.2023ж

Сырабат е\м Қатысқандар: -7

Меңгеруші жанындағы кеңестің №01 отырысы

Күн тәртібінде:

1.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы (шолу тексерудің қорытындысы)

2.Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы. .Таңғы жаттығуды жасалуына бақылау.

3. Топтардың санитарлық жай күйі.

4. Балаларды балабақшадағы мінез-құлықты қалыптастыруға дағдыландыру жолдары.

5.«Тіл апталығы», «Алтын күз» мерекесі жоспарын бекіту.

1. **Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі: А.Бегманова 2023-2024 жаңа оқу жылына барлық топтардың дайындығын көріп тексеріп шықты. Әдіскер:А.Бегманова барлық топта жаңа оқу жылына керекті жабдықтардың бар екенін әр топта сабақ өтуге арналған бес білім дағдысы бойынша көрнекіліктер, сурет салуға керекті материалдар жұмыс жүргізу үшін жеткілікті екенін айтып өтті. Топта табиғат бұрышы, денсаулық бұрышы, кітап бұрышы тиісті деңгейде жабдықталған. Ұлттық құндылықтарда өз деңгейінде жабдықтаған.

2. **Тыңдалды:** балабақша медбикесі: Ж.Ибрагім балаларға берілетін тамақтардың сапасын бес күн бойы түрлі тағамдар бірінші тамаққа сұйық тамақ, екінші тамаққа қою тамақтар берілетінін ,тамақта бала бойына қуат беретін дәрумендер бар екендігін айтып өтті. Балаларға түрлі кампот, какао,сүт шай, кисель т.б сусындар берілетінін атап кетті. Балалар күніне үш мезгіл тамақтанады. Таңғы асқа түрлі дәруменге бай каша, шәй, нан беріледі.

Түскі асқа бірінші, екінші тамақ және шәй мен нан беріледі. Ал, түстен кейінгі асқа самса.бауырсақ, булочка т.б дәмді сусындар беріледі. Таңертең тәрбиешілер балаларды қабылдап күн тәртібі бойынша таза ауада жаттығу жасайды, тазалықты сақтап топқа ретімен тәрбиешінің нұсқауымен кіреді. Әдіскер Асель апаймен медбике Ж.Ибрагім таңертеңгі жаттығудың жасалуын күнделікті бақылап отыратынын айтты. Әдіскер А.Бегманова таңертеңгі жатығуды күнде түрлі бағытта жасауды тапсырды. Тәрбиешілер келісті.

3.Тыңдалды: медбике Ж.Ибрагім 2023-2024 оқу жылының басынан бастап әр топта санитарлық жағдайдың мұқият қарастырылғанын айтып өтті. Әр топта қол жуғыштардың жұмыс жасап тұрғанын жылы су ағып тұрғанын, қол жуу үшін сабындар бір реттік сүрткіштер сонымен қатар әр баланың жеке өзіне арналған сүлгілер бар екенін айтып өтті. Әр балаға жеке ыдыстар қасық, шанышқы, тәрелке, кесе жеткілікті екенін ыдыстар гигиеналық талапқа сай жуылатындығында ескертті. Балалардың жатын бөлмесінде жамылғылар жиі таза жамылғыға ауыстырылып тұратындығын айтты.

4. Сөз сөйледі: әдіскер: А.Бегманова балабақшамызға ата-аналар балаларын жақсы білім алсын,тәрбиеленсін деп береді. Түптеп келгенде баласын тазалыққа, ұқыптылыққа үйрету үшін әкеледі. Біз баланы балабақшаға қабылдап алған соң балабақшадағы мінез құлқын қалыптастыруымыз керек. Балабақшада мінез құлықты қалыптастыру дегеніміз-балаға өз-өзіне қызмет етуді үйрету, досына адал болып көмектесуі, тазалықты сақтай білуі сонымен қатар әдептілікке баулу, тамақта төкпей ішуге,қасықты оң қолымен тура ұстауға үйретудің бәрі балабақшадағы мінез құлықты қалыптастыру болып табылады деп – түсіндірді әдіскер: А.Бегманова, тәрбиешілер әдіскердің сөзіне келісті.

5. Сөз сөйледі: балабақша меңгерушісі: А.Бегманова ертеңгілік өткізер кезедегі балалардың өмір қауіпсіздігі сақталуы керектігін тапсырды. Әдіскер А.Бегманова барлық тәрбиешілерге алдағы өткізіетін тіл мерекесін ашық сабақ түрінде өткізуді тапсырды. Тәрбиешілер келісті. Ал алтын күз ертеңгілігін түрлі әндермен, әсем билермен балаларға күз туралы тақпақ айтқызып ерекше қойылымдармен ата-ананы қонаққа шақырып өткізуді тапсырды. Ертеңгіліктің жоспары түзіліп талқыланып нақтыланғансоң меңгерушіге бекіттіріледі. Тәрбиешілер келісті.

Шешім:

1. Жаңа оқу жылына сай барлық топ жабдықталсын. Топ бұрышы әрі қарай тәрбиеші идеясымен безендірілсін.
2. Тамақ сапасы ұқыпты тексерілсін және балаларға таң ертеңгі жаттығу барысы қадағалансын.
3. Барлық топта санитарлық талапатар сақталсын медбике тарапынан күнделікті қадағалансын.
4. Балабақшаға жаңадан келеген баланы ерекше көңіл бөліп ортаға бейімделуге жағдай жасасын. Тәрбиешілер
5. Тіл мерекесі және ертеңгілік өз уақытында сапалы өткізілсін. қауіпсіздік сақталсын.

Кеңес төрайымы: А.Бегманова

Хатшы: А.Каленова

Меңгеруші жанындағы кеңес

ХАТТАМА

11.11.2023ж

Сырабат е\м

Қатысқандар: -7

Меңгеруші жанындағы кеңестің № 02 отырысы

Күн тәртібінде:

1.Өткен кеңестің шешімінің орындалуы

2.Күн тәртібінің сақталуы және серуеннің дұрыс ұйымдастырылуы. Бақылау.

3.Балабақшада тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынасты талқылау. Түсіндіру жұмыстары.

4.Балабақшада топ бөлмелерінің тазалығы мен мерекелерге сай безендірілуіне бақылау.

1. Сөз сөйледі: балабақша әдіскері: А.Бегманова өткен кеңестің шешімдері бойынша барлық топтарда санитарлық талаптар сақталу шаралары жүргізілгенін сонымен қатар тәрбиешілер балаларға жоспар бойынша ертеңгіліктермен мерекелі іс-шараларды өз уақытында қауіпсіздікті сақтап жүргізгендігін мәлімдеді. Таңғы жаттығулар өз уақытымен, түрлі тәсілде жасалынып жатыр- деп мәлімдеді.

2. Сөз сөйледі: 2023-2024 оқу жылындағы күн тәртібі өз деңгейінде сақталып жұмыс жүргізілуде тәрбиешілер ата-аналармен кезедсіп балалардың көңіл –күйі мен денсаулығын,тазалығын сұрап ескертулермен өтініш,ұсыныстарда айтылды. Балаларды жылдық жоспар бойынша серунге шығарады.Серуенге шыққанда тақырып бойынша балаларға білім береді.Балаларды ұқыптылыққа, әдептілікке баулыды. Серуенге шығару барысында балалардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығы жіті қадағаланады.

3. Сөз сөйледі: А.Бегманова және әдіскер: А.Бегманова тәрбиешілерге балаларымен жұмыс жүргізген кезде жәймен

сөйлесуге, әр баланың пікірін мұқият тыңдап дөрекі сөйлемеу керектігін айтып өтті. Баланы ұрып,ұрсып қорқытып тәрбиелеу тәрббиешіге жат қылық болатынын айтып түсіндірді. Сонымен қатар тәрбиеші эика-эстетиканы сақтап ата-анамен жылы қарым-қатынаста болуы керектігін айтып түсіндірді. Меңгеруші тәрбиешіге ақыл мен сабыр тілейтінін айтты.Тәрбиешілер келісті.

4. Сөз сөйледі: балабақша медбикесі: Ж.Ибрагім барлық топтың тазалығы талапқа сай орындалып жатқандығын әр топта жеке сұйық сабындар, әр балаға бөлек гаршоктар хлорлы сумен жуылып тазартылып жатқандығын сонымен қатар топ бөлмесіндегі ойыншықтар, шкафтар өз уақытында тазаланып жатқандығын мәлімдеді, алда келе жатқан мерекелерге орай барлық топ өз деңгейінде сапалы безендіріліп жатқандығын әдіскер толықтыра кетті.

Шешім:

1. Әр тәрбиеші күн тәртібімен тиісті деңгейде жұмыс жасасын, балаларды серуенге шығаруда өмір қауіпсіздігі сақталсын.
2. Әр тәрбиеші ата-анамен балаға қарым-қатынас жасауда педагогикалық әдепті сақтасын.
3. Барлық топтың тазалағы өз деңгейінде қадағаланып мерекелік безендірулер жүзеге асырылсын.

Кеңес төрайымы: А. Бегманова

Кеңес хатшысы: А.Каленова

Меңгеруші жанындағы кеңес

ХАТТАМА

05.12.2023ж

Сырабат е\м

Қатысқандар: -7

Меңгеруші жанындағы кеңестің № 03 отырысы

Күн тәртібінде:

№3 кеңес.

1. Өткен жиналыстағы қаулылардың орындалу туралы.
2. Құқықтық оқыту жұмысының барысы.
3.Күн тәртібінің орындалуы.
4.Салауатты өмір салтын ұстану жұмыстарына жалпы кеңестер, жоспарлар.
5.Тәуелсіздік мерекесіне арналған іс- шаралардың өткізілгендігі туралы.
6.Жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау және ұйымдастыру.

1. **Сөз сөйледі:** балабақша әдіскері: А.Бегманова өткен кеңестің шешімдері бойынша,тәрбиеші күн тәртібімен тиісті деңгейде жұмыс жасалып, балаларды серуенге шығаруда өмір қауіпсіздігі сақталуда.Сонымен қатар барлық топтың тазалағы өз деңгейінде қадағаланып мерекелік безендірулер өз мерзімінде жасалынып,өз деңгейінде болып өтті.

2. **Сөз сөйледі:** балабақша әдіскері: А.Бегманова балабақшадағы құқықтық оқыту жұмысының барысы туралы , оқытушы сабақтардың қауіпсіз өткізілуін қамтамасыз етуге, қажет болған жағдайда оқу процесінің жақсы жағдайына қол жеткізу үшін сабақ кестесіне өзгерістер енгізуге міндетті.

Баланың өмірге бейімделуіне үлкен мән беріледі, тәрбиеші балабақшадағы қауіпсіздік бұрышы ойнайды. Оның міндеті - адамдардың мінез - құлқын көрсету.

Бұрыштар әртүрлі. Кейбіреулер қиялын, шығармашылық қабілетін дамытуға, басқаларға - жол ережелерін үйренуге, түстер мен геометриялық фигураларды еске алуға бағытталған. Ойынның осындай

түрлерінің арқасында балалар тез дамып, жан - жақты қарым - қатынаста болады.

Оқытушы сабақ жүргізуге міндетті, онда бала жол қозғалысы қауіпсіздігін зерттейді. Балабақшада балалардың күнделікті өмірде, өрт, жер сілкінісі және басқа да табиғи апаттар жағдайында қарапайым қауіпсіздік ережелерін үйрету қажет.

3. **Сөз сөйледі:** балабақша әдіскері: А.Бегманова балабақшадағы күн тәртібінің орындалуы туралы ,тоқталып өтті.Балабақшаның күн тәртібіндегі уақыт есебімен әр топ тәрбиеленушілерінің регламентін дұрыс,әрі тиімді қолдану шарт екендігін қатаң ескертті.Күн тәртібінің сақталуы тәрбиеленушілердің балабақшада болған уақытының сапалы әрі тиімді өткізуінің кепілі екенін айтты.

4. **Сөз сөйледі:** балабақша әдіскері: А.Бегманова Дене тәрбиесінде қажетті жағдайлар: балалардың күтімі мен өсіуіне қолайлы мәдени – гигиеналық жағдай жасау, дұрыс жасалған күн тәртібі, тамақтандыру, дененің тазалығы, баланың жасына және ауа райына жылы-жайлы киіну, гимнастика және қимылды ойындар ойнату, ұйқысын ұйымдастыру, серуенге шығау, күнді, ауаны, суды тиімді пайдалану. Шынықтыру құралдары: ауа, су, күн. Күнделікті өмірде тәрбиеші бұларды сауықтыратын процедура түрінде , ауа және күн ваннасын, шомылу, сулы шүберекпен ысқылану, үстіне суық су құйыну түрінде пайдаланады.

5. балабақша әдіскері: А.Бегманова желтоқсан айындағы 16- желтоқсан Тәуелсіздік,Жаңа жыл мерекелерінің дайындығы және безендіру жұмыстарына тоқталып өтті.Тәрбиешілер тарапынан дайындалған мерекелік шаралардың сценарийлерімен танысып,қаралды.Мерекеллік шаралар өткізу барысында әр топ тәрбиешілері өз тобының қауіпсіздігіне тікелей жауапты екенін қатаң түрде ескертілді.

Шешім:

4. Әр тәрбиеші күн тәртібімен тиісті деңгейде жұмыс жасасын, балаларды серуенге шығаруда өмір қауіпсіздігі сақталсын.
5. Әр тәрбиеші оқу іс әрекеті барысында салауатты өмір салтын қалыптастыру көзделсін.
6. Барлық топтың тазалағы өз деңгейінде қадағаланып мерекелік безендірулер жүзеге асырылсын.

Кеңес төрайымы: А. Бегманова

Кеңес хатшысы: А.Каленова

Меңгеруші жанындағы кеңес

ХАТТАМА

01.03.2024ж

Сырабат е\м Қатысқандар: -7

Меңгеруші жанындағы кеңестің № 04 отырысы

Күн тәртібінде:

1.Өткен жиналыстағы қаулылардың орындалу туралы.

2.Балабақшадағы серуендер жұмысын бақылаудың жұмысы.

3. 8 наурыз, Наурыз мерекелеріңіз сценарилерін бекіту.

4. «Коммуникация» білім беру дағдысы бойынша инновациялық технологияларды қолдану деңгейі

1.Сөз сөйледі: балабақша әдіскері: А.Бегманова өткен кеңестің шешімі бойынша барлық тәрбиешілер күн тәртібіне сай жұмыс жүргізіп жатқандығын айтты. Сонымен қатар балаларды жоспар бойынша серуенге шығарып оларың қауіпсіздігі толықтай медбике және тәрбиешілердің қадағалауында болды. Балалардың денсаулығы үшін олардың жатын бөлме, ойын бөлме және ас ішер кездегі гигиеналық тазалығы күнделікті қадағаланып жатқандығын айтып өтті. Алда болатын мерекелік іс-шаралар, ертеңгіліктерге дайындық жүріп жатқандығын тәрбиешілер балаларды әнбиге дайындап жатқандығын, топтарды безендіру жұмыстары алдағы көктем уақытына лайықтап безендіру жұмыстары жүріп жатқанын мәлімдеді.

2.Сөз сөйледі: әдіскер: А.Бегманова Серуен- балабақшада бала әрекетін ұйымдастырудағы күн тәртібіндегі негізгі сәттердің бірі.Серуеннің мақсаты – бала денсаулығын нығайту ,шаршаудың алдын алу.денесін шынықтыру, түрлі әрекеттер мен өзгерістерді реттеп қалыпқа келтіру.Көтемгі серуенге балабақша ауласын ересек топтар бұтақтардан ,қоқыстан тазалау балаларды тазалыққа ,еңбекке баулу.бұданда басқа балабақша ауласындағы көк шөптерді жулу арқылы жәнеде жерде өскен гүлдерді теру арқылы балаларды

табиғатты сүйюге үирету. Тәрбиешілерге серуенге қатты көңіл бөлуге және де серуенге бөлінетін уақытты тиімді әрі қызықтырақ етіп өткізуге тақырыптарыңыз көктемгі және жазғы серуенге сай алып балалармен жұмыс жүргізуді тапсрыды.Балабақша мейірбикесіне серуен кездегі балалардың киімдері мен тазалықтарына қарау және ата аналармен тығыз байланыста болыңыз деп тарсырды.Тәрбиешілер мен медбике бір ауыздан келісті.

3.Сөз сөйледі Балабақаша әдіскері: А.Бегманова 8 наурыз мерекесінің өтілуіне тоқталды. «Тұлпар» тобы аналар күніне арнап «Анашым-жан шуағым» атты ертеңгілікке дайындық жүріп жатыр. Ертеңгіліктің сценариімен таныстым. Ән, би жақсы мерекеге сай, таңдалынып алынған. Балаларға үйге тапсырмалар берілді. Аналар күніне орай тақпақтар, әндер берілді. Сондай ақ, Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамының да сценарийі дайындалып жатыр. Әр топ салт дәстүрдің түрлерін бөліп алды дәріптеу мақсатында өткізу жоспарланып отыр. Салт дәстүрлер таныстырылады. Тәрбиеші апайларға берілді. Қатысатын балдарды іріктеп, дайындық жасайтынын айтты. Барлық топтарды кіре беріс бөлмелерді көктемгі мерекеге сай етіп безендіру керектігін, балаларға түрлі ән-билерді үйретіп,тақпақтар жаттату тәрбиешілер мен әдіскерге жүктелді.Әрине тәрбиешілерде дайындық барысында балаларға жіті назар аудару қажеттігін айтылды. Тәрбиешілер келісті.

4.Сөз сөйледі: әдіскер: А.Бегманова Қазіргі заманда алға қойылып отырған маңызды мәселелердің бірі рухани ізденісі мол жас ұрпақ тәрбиелеу.Білім берудің алғашқы деңгейі балабақшадан басталады.Балабақша балаға жан жақты білімді, тәрбиені беретін, ақыл ойын дамытатын қызығушылығын оятатын баланың екінші отбасы. Балабақшада жаңа технологияларды пайдалана отырып жан-жақты білімді ,саналы, білім беруде жаңа міндеттер бірі –білім берудегі әдіс тәсілдер. Барлық тәрбиешілер топтарда балаларға түрлі ойын тәсілдерді қолдана отырып күн тәртібімен серуенде де түрлі ойындарда да ұйымдастырылған оқу сабағында да қолданып үйлестіріп балдардың әр түрлі қырларын ашып келеміз.Әдіскер сөз сөйледі бала өміріне немқұрайлы қарамай балаға қазіргі заман талабына сай етіп мағыналы білім беру біздің мақсатымыз.Әрине тәрбиешілерде дайындық барысында балаларға жіті назар аудару қажеттігін айтылды. Тәрбиешілер келісті.

Шешім:

1. Наурыз айындағы ертеңгіліктер мен жылдық жоспар бойынша іс шаралар өз деңгейінде өткізілсін. Қадағалау әдіскер А.Бегмановаға жүктелсін.
2. Күн тәртібі бойынша таңғы жаттығулар мен сергітулерді медбике бақылауға алсын.
3. Күнделікті тамақ сапасы, меню бойынша жасалуы, топтардың тазалығы медбике Ж.Ибрагім жүктелсін.
4. «Коммуникация» білім беру дағдысы бойынша инновациялық технологияларды қолдану деңгейін арттыруды тәрбиешілер мен әдіскерге тапсырды.

Кеңес төрайымы: А.Бегманова

Кеңес хатшысы: А.Каленова

Меңгеруші жанындағы кеңес

ХАТТАМА

15.05..2024ж

Сырабат е\м Қатысқандар: -7

Меңгеруші жанындағы кеңестің № 05 отырысы

Күн тәртібінде:

1. Өткен жыналыстағы қаулылардың орындалуы туралы.

2. Наурыз айындағы мерекелік іс-шаралардың өткізілгендігі туралы.

3. Аумақты көгалдандыру және абаттандыру бойынша жұмыстар.

4. Балаларды режим ережесін бұзбай, серуенге жылдам жиналуын қалай ұйымдастыру керек.

1.Сөз сөйледі: балабақша әдіскері: А.Бегманова өткен кеңестің шешімі бойынша,күн тәртібіндегі шаралар,таңғы жаттығулар мен күнделікті сабақ барысы өз уақытында өткзіліп,ас мәзірі бойынша тамақтандырылуда.Топтардың күн тәртібі тікелей әр топ тәрбиешілерінің бақылауында,балабақша мейірбикесіне топтардың тазалығы қадағалануда.Тәрбиеленушілер күні бойына балабақшаның күн тәртібіне сәйкес,сонымен қатар ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне сәйкес қатаң бақылауға алынған.

2.Сөз сөйледі: әдіскер: А.Бегманова Наурыз айындағы жоспарланған ертеңгіліктердің барлығы өз деңгейінде болып өтті.Барлық іс -шара аясында тәрбиешілер жүктелген міндеттерін жауапкершілікпен атқара білді.Ертеңгілік сценарилеріндегі тақпақ,ән,би түрлерінің барлығы бала жасына сәйкес алынып,дайындық барысында дұрыс жұмыс жүргізе отырып,балаларды түгелдей дерлік қамтыған.Өтілген барлық мерекелік шаралар бойынша ата-аналармен тығыз байланыс жасалып,кері байланыс берілуде.

3.Сөз сөйледі Балабақаша шаруашылық меңгерушісі: А.Доскараев,балабақша ауласының көгалдандыру жұмыстары бойынша бірқатар мәселелерді алға тартты.Аулада ерте көктемде егілген гүлдерді баптау бойынша кеңестер берілді,тағы көгалдандыру жұмыстарын толықтырып,маусымдық өсімдік түрлерін отырғызуға ұсыныс жасалып,мақұлданды.Алдағы сырлап ,әктеу жұмыстарын реттілігін атап өтті.Сонымен қатар тәрбиеленушілердің ойын алаңдарындағы күнделікті тазалық жұмыстарын тәрбиешілерге қатаң ескертті.Әрбір топ тәрбиешілері өз топтарына қарасты ойын алаңдарын мерзімімен тазалық жұмыстарын жүргізу керектігі ескертіліп,мақұлданды..

4.Сөз сөйледі: әдіскер: А.Бегманова Мектепке дейінгі кезеңде бала қоршаған ортаны танып біледі. Баланың табиғатты танып білуге деген қызғушылығын оята отырып, педагог оны табиғатпен таныстырып, қана қоймай, оны түсінуге, өсімдіктер мен жануарларды қамқорлауға, табиғаттың сұлулығын сезіне білуге үйретеді. Баланың танымдық дамуы ойын барысында, табиғи нысандар мен мен құбылыстарға бақылау жасау, заттарды қарап, зерттеу кезінде, табиғат пен табиғат күнтізбесіндегі ауа-райы жағдайына бақылау нәтижелерін айта білу, еңбек және басқа да әрекеттер барысында жүзеге асады. Серуен –Мектепке дейінгі мекемеде бала әрекетін ұйымдастырудағы режимдік сәттердің негізгі бөлігінің бірі. Серуеннің мақсаты – бала денсаулығын нығайту, шаршаудың алдын – алу, денесін шынықтыру, түрлі әрекеттер нәтижесінде организмде болған функционалдық өзгерістерді реттеп, қалыпқа келтіру.Сонымен қатар серуен кезіндегі тәрбиеленушілерге қоршаған ортамен танысуда үлкен ықпал ету,тәрбиешілердің міндеті.

Шешім:

1. Наурыз айындағы ертеңгіліктер мен жылдық жоспар бойынша іс шаралар деңгейі қанағаттарлық.
2. Күн тәртібі бойынша таңғы жаттығулар мен сергітулерді медбике бақылауға алсын.
3. Аумақты көгалдандыру және абаттандыру бойынша жұмыстар балабақша қызметкерлеріне жүктелсін,қадағалау әдіскер А.Бегмановаға жүктелсін.
4. Күн тәртібі бойынша ,тәрбиеленушілердің серуен уақытындағы қауіпсіздігі тәрбиешілер тарапынан қадағалансын.

Кеңес төрайымы: А.Бегманова

Кеңес хатшысы: А.Каленова

Меңгеруші жанындағы кеңес

ХАТТАМА

18.06.2024ж

Сырабат е\м

Қатысқандар: -7

Меңгеруші жанындағы кеңестің № 06 отырысы

Күн тәртібінде:

1. Өткен жиналыс қаулыларының орындалуы туралы.
2. Мектепке даярлық топта қоштасу кештеріне дайындық туралы.
3. «1-маусым-Балаларды қорғау күні!» мерекесін өткізу туралы.

4.Балалардың сенсорлық дамуын бақылау.

1.Сөз сөйледі: балабақша әдіскері: А.Бегманова өткен кеңестің шешімі бойынша,күн тәртібіндегі шаралар,таңғы жаттығулар мен күнделікті сабақ барысы өз уақытында өткзіліп,ас мәзірі бойынша тамақтандырылуда.Топтардың күн тәртібі тікелей әр топ тәрбиешілерінің бақылауында,балабақша мейірбикесіне топтардың тазалығы қадағалануда.Тәрбиеленушілер күні бойына балабақшаның күн тәртібіне сәйкес,сонымен қатар ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне сәйкес қатаң бақылауға алынған.

2.Сөз сөйледі: әдіскері: А.Бегманова ересек тобындағы балабақшамен қоштасу кешіндегі сценариі бойынша дайындық жұмыстарын қарап шығып,іс-шарада тәрбиеленушілердің жасын ескере отырып,музыкалық қойылымдарындағы уақыт регламенттерін сақтауды ескертті,сонымен қатар қоштасу кешіндегі тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі маңызды екенін атап өтті.Дайындық жұмыстарын өз реттілігімен жүргізіп ата-аналардың өтініштері мен ұсыныстарын да елеп,ескеруін айтты.Ата-аналар комитетімен тығыз байланыс жасалып,балабақша тарапынан түлектерге арналған сыйлықтар дайындалу жөнінде айтты.

3.Сөз сөйледі Балабақаша әдіскері А.Бегманова 1-маусым балаларды қорғау күні мерекесінің өткізілуі туралы тоқталды.Жылдық жоспарға сәйкес қойылған мерекелік іс шара жоғары деңгейде атап өтілді.Тәрбиеленушілер үшін ең маңызды мерекенің бірі балаларды қорғау күні мерекесінде,балалардың қуанышты көңіл-күйлері сезілді.Балалар жастарына сәйкес ән, тақпақтарын айтып,би биледі,басшылық тарапынан ұсынылған тәттілер мен сыйлықтар үлестіріліп,тамаша атмосфера қалыптасты.Осы тарапта балабақша тәрбиешілерінің үлесі зор екені ескеріліп,тәрбиешілерге алғыс білдірді.

4.Сөз сөйледі: әдіскер: А.Бегманова Сенсорлық тәрбие - түйсік пен қабылдаудың бірдей дамуы. Сәбилік шақтың алғашқы күндерінен бастап-ақ өзін қоршаған заттардың қасиетін түсініп, талпыныс пайда болады. Қабылдаудың ерекше қасиеті балалар жақын адамдарды тани алатындығы. Бөтен адам көрсе жатырқап жылайды. Ал заттарды қабылдау дағдысы ұмтылу іс-әрекеттері арқылы жасалады.

Сенсорлық тәрбие баланың сезім мүшелерінің дамуына, дүниені түсініп тануына әрекет жасайды.

Сенсорлық тәрбие мәселелерінде Мария Монтессоридің сенсорлық, тәрбие жүйесінде өз бейнесін тапқан позициядан принципті айырмашылығы бар позицияны ұстанады, XX ғасырдың басында Монтессори талдап жасаған сенсорлық тәрбие жүйесі балалардың түстер мен реңктерді, формалар мен көлемдерді ажырату дәрежесі жоғары болуына қол жеткізуді өз алдына мақсат етіп қояды.

Ол пайдаланған дидактикалық материалдар өзін-өзі бақылау принципіне сәйкес жасалған, мұның өзі балаларға педагогтың қатысуынсыз, өз бетімен шұғылдануына мүмкіндік береді.

Сенсорлық тәрбиені ойын арқылы дамыту өте қолайлы. Өйткені ойын - тәрбие құралы. Ол балалардың дүние танымын дамытудағы ең тиімді амалдардың бірі. Ойын арқылы балалар айналасындағы нәрселердің атын, болмысын ғана танып қоймайды, түр түсін, не үшін керектігін білетін болады.

Ойын - өзінше бір мектеп, сол арқылы бала дүние туралы түсініктерді игереді. Көптеген ойындардың мазмұнына әндер, тақпақтар енгізіледі. Осының бәрі баланың сенсорлық тәрбиесінің әсерленуіне мүмкіндік береді.

Бала ойын арқылы күш жігерін жаттықтырып, қоршаған заттар мен құбылыстардың сырын ұғынып, еңбек дағдысына үйрене бастайды. Ойын баланы тек дене жағынан жетілдіретін қимыл-қозғалыс, іс- әрекет қана емес, оларды ой еңбегіне баулу, түсініктерін дамыту құралы болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ойынын дидактикалық ойыншықтармен, қимылды ойындармен, құрылыс материалдармен жасайтын әрекеттерін дамытуға ерекше көңіл бөлу керек. Ол үшін қимылды ойындарды көп ойнату керек.

Шешім:

1. Мектепке даярлық топта қоштасу кештеріне дайындық жұмыстары күшейтілсін.Қадағалау әдіскер А.Бегмановаға жүктелсін.

2. «1-маусым-Балаларды қорғау күні!» мерекесінің өткізілуі қанағаттанарлық.

3.Балалардың сенсорлық дамуын бақылау жұмыстарын күшейту.Қадағалау әдіскер А.Бегмановаға жүктелсін.

Кеңес төрайымы: А.Бегманова

Кеңес хатшысы: А.Каленова